

## "Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 581 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18919 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бүйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15430 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 тамызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған бүйрықпен бекітілген Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларына:

147-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"147. Тыл бастығы:

су көздеріне барлау жүргізуі, сорғы-женқұбыр жүйесін таңдауы;

өрт сөндіру автомобилдерін күтіп алып, су көздеріне орналастырылуын ұйымдастыруы;

қүштер мен құралдардың резервін шоғырландыруы;

ӨСБ, ШБ суды айдау арқылы немесе тасып берілуін ұйымдастыру үшін өрт сөндіру автомобилдерінің қажетті саны туралы баяндауы;

өрт сөндіргіш заттардың үздіксіз берілуін қамтамасыз етуі, қажет болғанда өрт орнына арнайы өрт сөндіргіш заттар мен материалдарды жеткізуі ұйымдастыруы;

қаланың, объектінің сумен жабдықтау қызметтерімен бірге өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыруы;

жеке құрамды резервтік жауынгерлік киіммен және тыныс алу органдарын қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге шаралар қабылдауы;

өрт сөндіру автомобилдерін жанар-жағармай және басқа пайдалану материалдарымен уақтылы қамтамасыз етуді ұйымдастыруы;

женқұбыр жолдарын қорғауды, сонымен қатар патрульдік полиция қызметкерлерімен тыл участкесінде қаланың көлік қозғалысын ретке келтірудегі өзара іс-қимылдарды қамтамасыз етуі;

қажет болғанда өрт сөндіру автомобилдері мен жабдықтардың жұмысын қалпына келтіруді ұйымдастыруы;

өрт сөндіру автомобильдерінің жұмысын, өрт сөндіргіш заттары мен материалдарының есебін жүргізуі, өрт сөндіру автомобильдерін су көздеріне орналастыру мен магистральдық женққубыр жолдарын төсөу схемасын құруы қажет.".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты

E. Тургумбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК